

Республиканың ғылымын ұйымдастыруды жетілдіру мен ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1090. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік дербестігінің қалыптасуына байланысты және республиканың ғылымын басымдықпен дамыту, ғылыми-техникалық әлеуетін нығайту, әрі Қазақстанның технологиялық серпілісін қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Ұлттық ғылыми орталықтар желісін құрып, оларды мемлекет тарапынан басымдықпен қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

Ұлттық ғылыми орталықтар Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігіне - Ғылым академиясына қарасты кешенді ғылыми-техникалық бірлестіктер болып табылады, деп белгіленсін.<*>

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1996.03.11. N 2895 жарлығымен.

2. Республикадағы ғылыми-техникалық прогрестің өзекті бағыттарын дамытуды қамтамасыз ету үшін мынадай Ұлттық орталықтар:

Қазақстан Республикасының радиоэлектроника мен байланыс жөніндегі ұлттық орталығы, "Саршаған" полигонының ғылыми-техникалық кешенінің, сондай-ақ бұрын одақтық бағыныста болып келген радиотехникалық бейімдегі кәсіпорындардың, ұйымдар мен полигондардың негізінде;

Қазақстан Республикасының Биотехнология жөніндегі ұлттық орталығы, биотехнологиялық бейімдегі ғылыми мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың негізінде;

Қазақстан Республикасының Минералдық шикізатты кешенді ұқсату жөніндегі ұлттық орталығы, бұрын одақтық бағыныста болып келген тау-кен және металлургия бейіміндегі ғылыми және жобалау ұйымдарын қоса тиісті академиялық және салалық ғылыми мекемелермен ұйымдардың негізінде құрылсын.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 2,4,5-абзацтары алынып тасталды - ҚР Президентінің 1997.10.13. N 3660 жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Ұлттық ғылыми орталықтардың қызметін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қолдансын;

Ұлттық ғылыми орталықтардың материалдық-техникалық базасын дамыту жөнінде, оларды осы заманғы ғылыми және технологиялық жабдықтармен жарақтауды қоса, шаралар бағдарламасын әзірлеп жүзеге асырсын;

Ұлттық ғылыми орталықтарды республикалық бюджет қаржысының есебінен нысаналы қаржыландыруды көздесін, әр орталық бойынша қаржыландырудың кепілді көздерін, оның ішінде шет ел несиелері мен инвестицияларының, сондай-ақ орталықтардың өздерінің өндірістік-коммерциялық қызметі есебінен қаржыландыру көздерін анықтасын.

4. Қазақстан Республикасының жоғары білікті барлық ғалымдарын Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының ауқымында біріктіру тиімді деп с а н а л с ы н .

Қазақстан Республикасының Ғылым академиясы мен Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігінің Қазақстан Республикасының Ғылым академиясын Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы етіп қайта құру туралы, әрі онда республикада дамып отырған жетекші ғылыми бағыттардың өкілдігін кеңейту жөніндегі ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы үшін Қазақстан Республикасының жоғары ғылыми мекемесінің мәртебесі белгіленсін.

5 . < * >

Ескерту. 5-тармақ алынып тасталды - ҚР Президентінің 1996.03.11. N 2895 жарлығымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті